

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.05.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/75481/>

### Сабақтың тақырыбы:

“Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу”

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 5.1.С Мектеп:Қарашеңгел орталау мектебі» КММ          Күні:          Мұғалімнің аты-жөні: Арынбаев Саят Канатович          Сынып: 5 Қатысқандар: Қатыспағандар:</p>	
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>5.5.2.3 Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу</p>
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>1. <b>Барлық оқушылар</b> :Жай бөлшек, аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндейді.          2. <b>Оқушылардың басым бөлігі</b> : Бірлік кесіндіні дұрыс таңдау арқылы нүктені координаталық сәуледе орналастырады.          3. <b>Кейбір оқушылар</b>: Координаталық сәуледе жай бөлшектер мен аралас сандардың координаталарын жай бөлшектерге амалдар қолдана отырып, нәтижесін координаталық сәуледе кескіндейді.</p>
<p>Бағалау критерийі</p>	<p><b>Оқушы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>· Координаталық сәуледе жай бөлшектерді орналастырады</li> <li>· Координаталық сәуледе аралас сандарды орналастырады</li> </ul>
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p><b>Бөлім бойынша лексика және терминология.</b>          -Үлес, жай бөлшек ,аралас сандар,бүтін және бөлшек бөліктері</p> <p>Жай бөлшектерді,аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу алгоритмін түсіндіреді</p>
<p>Құндылықтарға баулу</p>	<p>Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу.</p>
<p>Ойлау қабілеттілігі</p>	<p>Қолдану. Талдау</p>

<b>Пәнаралықбайланыс</b>	Геометрия
<b>Алдыңғыбілім</b>	—бірлік кесінді, координаталық сәуле ұғымдарын; нүктенің координатасын оқуды, нүктенің координатасын жазуды; координаталық сәулені салу алгоритмін біледі.

## Сабақтыңбарысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
---------------------------------	--	-----------

<p><b>Сабақтың басы</b> 3 мин</p>	<p><b>Оқушыларды ұйымдастыру кезеңі:</b> <b>Мотивация:</b> «Ыстық алақан»атты психологиялық тренинг өткізу.(Оқушылар алақандарын бір-біріне жақын ұстап ,ыстық лебізін білдіреді.Мысалы:әдемісің,ақылдысың,т.б). <b>Топқа бөліну</b> Оқушылар «Дұрыс бөлшек», «Бұрыс бөлшек», «Аралас сан» дегенқағаз қиындыларына жазылған сөздерді таңдау арқылы топтарға бөлінеді.</p>	
<p>5 мин</p>	<p><b>Миға шабуыл:</b> «Өрмекшінің торы» әдісі арқылы өткенге шолу жасалады(Әрбір оқушыға сұрақтар қойылады) — Координаталық сәуле?, бірлік кесінді? координаталық сәулені салу алгоритмі? нүкте координатасы қалай жазылады? Нүкте координатасы қалай оқылады? ....т.с.с.. — <b>Басбармақ әдісі</b> бойынша бағаланады</p>	
<p><b>Сабақтың ортасы:</b></p> <p><b>Қолдану</b> 5 мин</p>	<p><b>1. «Ойлан- жұптас -бөліс»</b>тәсілі бойынша оқушылар жұптасып, деңгейлік тапсырмаларды орындайды. <b>Деңгейлік тапсырмалар:</b> <b>1-есеп (А-деңгейі)</b> Бірлік кесіндінің ұзындығы 5 см тең деп алып, координаталық сәуле сызындар. Оның бойынан: A ( ), B ( ), C ( ), D ( ), E ( ),M( ) нүктелерін белгілеңіз. <b>-Дескриптор:</b> Оқушы: <input type="checkbox"/> берілген бірлік кесінді бойынша координаталық сәуле сызады; <input type="checkbox"/> жай бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндейді. Оқушылар әр дискрипторға жауап берсе,<b>бір жұлдызша</b> алады <b>2-есеп (В-деңгейі) №899(оқулықтан)</b> Егер домбыраны координаталық сәуле бойына орналастырсақ, домбыраның тиегіне (А нүктесіне), мойынына (В нүктесіне) және құлағына</p>	
<p><b>Талдау</b> 15 мин</p>	<p>C(нүктесіне) қандай бөлшектер сәйкес келеді.А,В,С нүктелерін координаталарымен жазыңдар. <b>Дескриптор:</b> Оқушы: <input type="checkbox"/> берілген нүкте бойынша координатасын табады; <input type="checkbox"/> жай бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндейді. Оқушылар әр дискрипторға жауап берсе,<b>2 жұлдызша</b>алады</p>	
<p>2 мин</p>	<p><b>3-есеп: Сурет бойынша</b> ● ● ● ● ● 02 <b>Дескриптор:</b> Оқушы: <input type="checkbox"/> бірлік кесіндіні анықтай алады <input type="checkbox"/> Нүктелердің координатасын анықтай алады <input type="checkbox"/> жай бөлшек,аралас санды координаталық сәуледе кескіндей алады. Оқушылар әр дискрипторға жауап берсе,<b>2 жұлдызша</b> алады <b>2. Топпен жұмыс. «Кім жылдам» әдісі</b> <b>Есеп:</b> Астанада зауытта істейтін Асқардың жалақысы х (мың) теңге,Мақсаттың жалақысы одан 1,5 есе көп,ал Дәуреннің жалақысы Мақсаттың жалақысына қарағанда 40 мың теңгеге аз. Барлығының жалақыларын қосқанда 320 мың теңгені құрайды.Зауыт басшылары жалақыларын 2 есе көтерді.Мақсаттың,Дәуреннің, Асқардың қазіргі алатын жалақылары қанша? Жауабын координаталық сәуледе кескіндеңдер. Оқушылар бір-бірін «<b>Екі жұлдыз ,бір тілек</b>» әдісі арқылы бағалайды.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Оқушылар 1-9 аралығындағы сандарды дене қимылымен жазады.</p> <p><b>Сабақты қорытындылау:</b> <b>«Ыстық орындық».және «Конверттегі сұрақ»</b> <b>Топтық жұмыс</b> Өтілген тақырыпты қорытындылау үшін оқушы ортаға шығады,ортадағы он сұрақтан құрастырылған конверттердің біреуін таңдайдыСыныптың қалған бөлігі сол оқушыға сұрақтарды қояды, ал ол жауап беруі керек. Әрбір дұрыс жауапқа бір жұлдызша беріледі,сөйтіп әрбір топ бір-бірін бағалайды.</p> <p><b>Сабаққа кері байланыс: «Бағдаршам» -әдісі</b> Карточкалар тақырыпты түсінгенін көрсету үшін пайдалануға болады (мысалы, қызыл түс – түсінген жоқпын,- сары түс-жартылай түсіндім, жасыл түс-барлығы түсінікті).</p>	
<p>5 мин</p>	<p><b>Үйге тапсырма:</b> 1- тапсырма№893(А деңгейі), 2- №898(В деңгейі)(Оқулықтан) 3-тапсырма (қосымша)(С деңгейі) Өз бөлмендегі жиһаздардың енін, ұзындығын, биіктігін өлшеп, бірлік кесіндіні өз қалауларыңша таңдап алып дәптерге салыңдар.</p>	<p>Орындық және конверт</p>
<p><b>Сабақтыңсоңы:</b> 5 мин</p>		<p>Бағдаршам</p>

Саралау - Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау - Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
Саралауды сабақтың кез-келген кезеңінде қолдануға болады. Оқушыларға берілген тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай бағыттаймын. Олар топта бірлесе отырып, жұмыс жасайды. Оқушының ішкі уәжін күшейту үшін қолдау көрсетіп отырамын. Қабілетті оқушының жұмысты орындау жылдамдығына байланысты, әртүрлі деңгейлік тапсырмалар беріп, қабілетін ұштап отырамын.	Оқушыларды өзін өзі бағалауды, мотивациялау мақсатында жеке дара жетістіктерімен ынталарын ескеріп ауызша бағалауды («Басбармақ әдісі, Кері байланыс, Екі жұлдыз бір тілек, Бағдар шам») қолданамын.	Сабақта «Дене қимылы» сергіту сәті өткізіледі, оқушылардың көзі нашар көретін оқушыларды ескеріп, тапсырмалар жеке қағазға басылып ұсынылады, топқа бөлінгенде топ ережелерін сақтау ескертіледі.

## Анкета

**Аты-жөні** Арынбаев Саят Канатович

**Облыс** Алматы

**Аудан** Қаратал

**Қала** Қарашеңгел ауылы

**Мектеп** Қарашеңгел орталау мектебі

**Лауазымы** математика және информатика пәнінің мұғалімі

**Тақырып** “Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу”

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.